

«Аксу негізгі орта мектебі» КММ



2022-2023 оку жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

(Ересек топ)

2022-2023 оку жылы

**«Ақсу негізгі орта мектебі»**

**«БАЛДЫРҒАН»**

**ересек жас тобына арналған**

**2022 – 2023 оқу жылдарында**

**перспективалық жоспары**

**2022 – 2023 оқу жыл**

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және  
мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**  
**2022 – 2023 оқу жылына арналған**  
**ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Қыркүйек айы 2022жыл**

<b>Ұйымдастырылған іс әрекет</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>
<b>Дене шынықтыру</b>	<p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар:</b> Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру, тұрған қалыпта қолдарын арқасына апару; саусақтарын бұғіп, қолдарын айналдыра қимылдауды орындау. Екі қол белде, кезекпен екі жаққа бұрылғанда екі қолды екі жаққа жіберу. Оңға, солға иілу, еңкею, шалқау; алға еңкею, қолдың ұшын аяқтың ұшына жеткізу. Екі қолды белге қойып, екі жаққа иілу. Аяқтың ұшымен көтерілу; екі аяқты кезекпен алға өкшемен, содан кейін ұшымен қою, топылдату.</p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b> өкшемен жүру аяқтың ұшымен жүргіру 10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тұра бағыт бойынша төрттағандап енбектеу; бір орында тұрып, қос аяқпен секіру заттардың арасымен доптарды бір-біріне домалату; сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 сантиметр) жүру, бір-бірден сапқа тұру</p> <p><b>Үрғақтық жаттығулар.</b> Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау</p> <p><b>Спорттық жаттығулар:</b> Велосипед тебу: екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу.</p> <p><b>Кимылды ойындар.</b> Кимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту.</p> <p><b>Дербес қимыл белсенділігі:</b> Ауа райының жағдайын ескере отырып, балалардың таза ауадағы қимыл белсенділігін дамыту, ойындар ойнату</p> <p><b>Салауатты өмір салтын қалыптастыру.</b> Тамақтану тәртібін сақтаудың және көгөністер мен жемістердің, дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру.</p> <p><b>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.</b></p>

	<p>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарапты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.</p> <p>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.</p> <p><b>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.</b></p> <p>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Кімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құргату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сұрту.</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары:</b></p> <p>Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүру. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.</p>
<b>Сөйлеуді дамыту</b>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b></p> <p>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, үнді және ызың дыбыстарды анық айтуды үйрету.</p> <p><b>Фонематикалық қабылдау дағдыларын қалыптастыру.</b></p> <p>Сөзді дыбыстау мәдениетін тәрбиелеуге арналған дидактикалық ойындарды қолдануды үйрету.</p> <p><b>Сөздік қор.</b></p> <p>Тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну дағдыларын қалыптастыру;</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b></p> <p>Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға үйрету</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b></p> <p>Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әнгімелеге қатысуға баулу</p>
<b>Көркем әдебиет</b>	<p>Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әнгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу.</p> <p>Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуда, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуда баулу.</p>
<b>Қазақ тілі</b>	<p><b>Тілдік дамытушы орта</b></p> <p>Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті</b></p> <p>Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алушының, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуда баулу.</p> <p><b>Сөздік қор</b></p> <p>Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін</p>

	<p>сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b></p> <p>Сөздерді жіктең, тәуелдең, септеп қолдана білуге үйрету</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу</b></p> <p>Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға баулу.</p>
<b>Математика негіздері</b>	<p><b>Жиын:</b></p> <p>Жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жүзпен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтауды үйрету.</p> <p><b>Сан, санау:</b></p> <p>Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, тенденциялардың түрлерінде тең немесе тең еместігін анықтауды үйрету.</p> <p><b>Шама:</b></p> <p>Ұзындығы және ені бойынша бірдей және екі түрлі заттарды салыстыру дағдысын дамыту</p> <p><b>Геометриялық фигурандар:</b></p> <p>Геометриялық фигурандарды (дөңгелек, ушбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеуді жетілдіру</p> <p><b>Кеңістікте бағдарлау:</b></p> <p>Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалуды (алға-артқа, онға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан онға қарай орналастыруды, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді үйрету (менің алдында үстел, сол жағымда орындық түр).</p> <p><b>Уақытты бағдарлау:</b></p> <p>Тәулік бөліктегі (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бұғін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын көңейту.</p>
<b>Құрастыру</b>	<p><b>Құрылымы материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру</b></p> <p>Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру дағдыларын дамыту</p> <p><b>Қағаздан құрастыру:</b></p> <p>Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парагын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге айналдыра білу</p> <p><b>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру:</b></p> <p>Табиғи (мақта, жұн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырығыштар) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру.</p>
<b>Қоршаган ортамен таныстыру</b>	<p><b>Бала, оның отбасы, үйі:</b></p> <p>Баланың «Мен» бейнесін қалыптастыру.</p> <p><b>Заттық әлем:</b></p> <p>Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру. Жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атай білуді жетілдіру.</p> <p><b>Байланыс және қозғалыс құралдары:</b></p>

	<p>Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атай білу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Еңбекке баулу</b></p> <p>Балалардың еңбек етуге деген он көзқарасын тәрбиелеу Топты және ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу Өзгениң еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, ересектерге көмек көрсету ниеттерін қолдау.</p> <p><b>Адамгершілік және патриоттық тәрбие.</b></p> <p>бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге үйрету</p> <p><b>Менің Отаным – Қазақстан.</b></p> <p>Республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын дамыту.</p> <p><b>Жолда жүру ережелері.</b></p> <p>Балалардың өз есімін, тегін, жасын, ата-аналарының атын білуді бекіту, кездейсоқ жағдайларда (адасып қалу, құлау) өзін дұрыс ұстауға үйрету.</p> <p><b>Өлі табиғат құбылыстары мен заттары.</b></p> <p>Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жел соғып, жапырақтар түсті, күннің сұқытығы), ойын, еңбек, эксперимент барысында құм, судың қасиеттерін анықтауды үйрету.</p> <p><b>Осімдіктер әлемі.</b></p> <p>Осімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: жемістер, көгөністер, жидектер (орман, бақша), гүлдер (бөлме, бақша, шабындық), бұталар және ағаштар (бақша, орман).</p> <p><b>Жануарлар әлемі.</b></p> <p>Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: күзде – көбелектердің, қоңыздардың, кейбір құстардың болмауына зейіндерін аударуды дамыту</p> <p><b>Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын менгеруіне ықпал ету.</b></p> <p>Балаларда мінез-құлық мәдениеті мен сырткы қарым-қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру;</p>
<b>Сурет салу</b>	Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу. Заттардың пішіні: дөңгелек, сопак, шаршы, тікбұрыш, ұшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа.
<b>Мұсіндеу</b>	Ермексаз, сазбалышық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мұсіндеуді, Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мұсіндеуге қызығушылығын арттыру. Мұсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтауды қалыптастыру.
<b>Жапсыру</b>	Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Тұзу сыйық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиуды үйрету. Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қызып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді,

	<p>гүлдерді қиюда қолдану. Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қиу және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сактау, жұмысты ұқыптылықпен орындаудын қалыптастыру.</p>
<b>Музыка</b>	<p>Музыка тындау.</p> <p>Келесі дағдыларды қалыптастыру:</p> <p>1) әртүрлі сипаттағы, қарқындағы музыканы қабылдау, музыкаға деген өзіндік қатынасын, ол туралы пікірін айту. Ән айту.</p> <p>Келесі дағдыларды қалыптастыру:</p> <p>1) әртүрлі сипаттағы әндерді қабылдау, әуендең дұрыс, нақты интонациялау, сөздерді дәл айту дағдыларын қалыптастыру;</p> <p>Музыкалық-ыргақтық қимылдар.</p> <p>Келесі дағдыларды қалыптастыру:</p> <p>1) би қимылдары, ойындық музыкалық қимылдарды орындау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Билер.</p> <p>Өуеннің көңілді би сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, содан кейін қимылды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарын, билерді, ойындарды есте сактау.</p> <p>Ойындар, хороводтар.</p> <p>Әннің мәтініне сәйкес ойын қимылдарымен сүйемелдей отырып, әнді көңілді және емін-еркін әндету, хор айтуды шенбер бойымен жүргізу, музыкалық фразаларға сәйкес қимылдарды өзгерту; шапшандық пен икемділік таныту, пьесаның соңын белгілеу, халық ойындарының көңілді сипатын беру, дыбыстарды жоғарылығы бойынша ажырату, үлкен шенберге және шашырап тұру.</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнауы. Келесі дағдыларды қалыптастыру:</p> <p>1) фортепиано сүйемелдеуіндегі балалар музыкалық аспаптарында ересектердің орындаудағы би әуенін тындау;</p>

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және  
мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**  
**2022 – 2023 оқу жылына арналған**  
**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**  
**Қазан айы 2022жыл**

<b>Ұйымдастырылған іс әрекет</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>
<b>Дене шынықтыру</b>	<p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар:</b> Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеріп тұрған қалыпта алға еңкейіп қолдарын арқасына апару; саусақтарын бұғіп, қолдарын айналдыра құмылдауды орындау. Екі қол белде, кезекпен екі жаққа бұрылғанда екі қолды екі жаққа жайып жіберу. Екі қол белде онға, солға иілу, еңкею, шалқаю; алға еңкею, қолдың ұшын аяқтың ұшына жеткізу. Отырған және тізерлеп тұрған күйі допты өз айналасында домалату. Екі қол белде, екі қолды алдыңғы жақ пен екі тұсқа көтеріп, қатарынан (4–5 рет) жүрелеп отыру; Отырып аяқтың ұшын созу, табанды бұту</p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b> Сапта бір-бірлеп жүру, жүруді жүгірумен, секірумен, басқа қимылдармен кезектестіру, қол мен аяқ қимылын үйлестіру, бой түзулігін дұрыс сақтау;</p> <p>Тұрлі тапсырмалармен жүгіру: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшімен ауыса отырып жүгіру. 1–1,5 минут ішінде баяу және қарқынмен үздіксіз жүгіру;</p> <p>Бір орында онға, солға бұрылып секіру, баланың қолын көтергендеңі биіктікten жоғары ілінген нәрсеге орнынан секіру арқылы затты жинап өту, 20–25 см биіктікке секіру;</p> <p>4–5 сзық арқылы орнынан ұзындыққа секіру (сызықтардың арақашықтығы 40–50 см) Допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу (қатарынан 3–4 рет). Алысқа дәлдеп лақтыру (3,5–6,5 м кем емес).</p> <p>Табан мен алақанға сүйеніп төрт тағандап еңбектеу. 50 см жоғары көтерілген арқаның астынан оң және сол бүйірмен алға еңбектеп кіру; құрсаудан еңбектеп өту;</p> <p>Басқа қапшиқ қойып, заттарды аттап өту, бұрылу. Тепе-тендікті сақтау: қолын жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен тұру; қолын беліне қойып, бір аяқпен тұру; қолын беліне қойып, екі жаққа кезегімен айналу.</p> <p>Қатарға бір- бірден сапқа тұру. Қатарға екеуден, ұшеуден тұрып, сапты қайтадан құру.</p> <p><b>Музыкалық-ыргактық жаттығулар:</b></p>

	<p>Музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқында таныс дene жаттыгуларын орындау.</p> <p><b>Спорттық жаттыгулар:</b> Үш дөңгелекті және екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға, солға бұрылыштарды орындау;</p> <p><b>Спорттық ойын элементтері:</b> Футбол. Берілген бағытта допты домалату. Допты аяқтарымен бір-біріне домалату;</p> <p><b>Дербес қимыл белсенділігі:</b> Балалардың доптармен ойындарын жетілдіру. Ауа райының жағдайын ескере отырып, балалардың таза ауадағы қимыл белсенділігін дамыту, ойындар ойнату</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары:</b> Тыныс алу жолдарын шынықтыру, жалаң аяқ жүргү.</p> <p><b>Мәдени- гигиеналық дағдылар:</b> Бұрын игерген біліктерін бекіту және олардың орындалу сапасын жоғарылату</p>
<b>Сөйлеуді дамыту</b>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, үнді және ызың дыбыстарды анық айтуды үйрету.</p> <p><b>Фонематикалық қабылдау дағдыларын қалыптастыру.</b> Сөзді дыбыстау мәдениетін тәрбиелеуге арналған дидактикалық ойындарды қолдану.</p> <p><b>Сөздік қор.</b> сөздік қорын жалпылаушы мағыналы сөздермен байыту</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b> байланыстырып сөйлеу;</p> <p>жануарлар және олардың төлдерінің атауларын білдіретін сөздерді, сөздердің түрлі тәсілдермен жасалуын, зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану;</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Әңгімеге қатысу және тілді түсіну, тыңдау біліктерін, көлемі шағын тақпактарды жатқа айту, сурет бойынша заттар және ойыншықтар туралы әңгіме, үлгі бойынша әңгіме құрастыру, шағын әңгімелер мен ертегілерді айтып беруге үйрету дағдыларын қалыптастыру. Ұсынылған мазмұн бойынша сахналауға үйрету.</p> <p><b>Шығармашылықпен сөйлеу қызметі.</b> Театрландырылған әрекетке, драматизация ойындарына және қуыршақ спектакльдеріне, саусақ ойындарына балаларға түсінікті "куыршақты жүргізу" техникасын қолдана отырып, қатысу ниеттерін дамыту.</p> <p><b>Шығармаларды қабылдау.</b> Сөз және сөз үйқастарына құрылған ойындарға қызығушылығын арттыру.</p>

	Кейіпкерлердің бейнелерін сомдауға қажетті дауыс ырғағы және тілдің қарқынын қолдану дағдыларын қалыптастыру, ұсынылған тақырып бойынша әңгіменің басы мен сонын құрастыруға үйрету.
Көркем әдебиет	<p><b>Оқу, әңгімелеу.</b> Кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін көруге, олардың әрекеттерін бағалауға, әңгіме, ертегілердің мазмұнын олардың атауымен салыстыруға үйрету.</p> <p><b>Мәнерлеп оқу.</b> Балаларды тақпақтар мен өлеңдерді түсініп, есте сақтауға, өлеңнің мазмұнына өз көзқарасын білдірге үйрету</p> <p><b>Мазмұндау.</b> Таныс ертегілердің мазмұнын айтуда мазмұнның жүйелілігін сақтауға, диалогтік сөйлеуге, кейіпкерлердің мінезін сипаттауға үйрету</p> <p><b>Театрландырылған әрекет дағдыларын дамыту.</b> Түрлі эмоцияларды білдіру үшін интонациямен дыбыстауды дамыту</p> <p><b>Адамгершілік нормалары туралы түсінік.</b> Әдеби кейіпкерлердің әрекеттеріне өзінің көзқарасын білдіру; оны адамгершілік нормалары мен түсініктері түрғысынан бағалауын жетілдіру;</p>
Қазақ тілі	4-5 сөзден тұратын сөйлем айту; Күнделікті жиі қолданылатын тұрмыстық сөздерді айту
Математика негіздері	<p><b>Жиын:</b> заттарды салыстырып қою арқылы оларды санамай-ақ жүптарын салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуді үйрету.</p> <p><b>Сан, санау:</b> теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Салыстырылатын топтар: бір көп, бір және екі, екі және үш, төрт. Төрт және бес; теңді кем топқа үстемелей отырып немесе артық топтан бір затты алғып тастай отырып, екі тәсілмен "Қанша еді?", "Қаншасы қалды?" сұрақтарына жауап беруге үйрету;</p> <p><b>Шама:</b> биіктігі және жуандығы бойынша бірдей және екі түрлі заттарды салыстыру;</p> <p><b>Геометриялық пішіндер:</b> геометриялық пішіндерді (дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрыш) және геометриялық денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету; геометриялық пішіндерді тану және атаву, пішіндерді зерттеу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Кеңістікте бағдарлау:</b> Өзінің дене бөліктерін бағдарлау және атаву (бас, аяқтар, қолдар). Заттарды оң қолымен солдан оңға қарай орналастыру дағдысын дамыту</p> <p><b>Уақытты бағдарлау:</b> Таңертен, күндіз, кеш, түн тәулік бөліктерін ажырату және атай білу дағдыларын қалыптастыру</p>
Құрастыру	<p><b>Құрылыш материалдарынан құрастыру:</b> сыйбаны қолданып, ірі және ұсақ құрылыш материалынан құрастыру</p> <p><b>Қағаздан құрастыру:</b> Қағаз парагын көлемді пішіндерге қайта келтіру, қағазды кесекке, орамдарға, ілмекке айналдыра білу дағдыларын бекіту.</p> <p><b>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру:</b> Балаларды табиғи материалдардан түрлі заттар даярлауға баулу</p> <p><b>Конструктор бөлшектерінен құрастыру:</b> Конструктордан ойынға арналған ғимарат құрастыру дағдыларын қалыптастыру, бөлшектерді бекіту тәсілдері мен ғимарат жасау туралы білімдерін жетілдіру.</p>

<p><b>Коршаған ортамен таныстыру</b></p>	<p><b>Тірі және өлі табиғат құбылыстары мен заттары:</b> табиғат құбылыстары: жел, жаңбыр, тұман туралы түсініктерін қалыптастыру.</p> <p><b>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер:</b> адамдардың күзгі, қысқы әрекеттеріне балалардың зейін аудару дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Осындайтер мен жануарлар әлемі:</b> көкөністер мен жемістерді ажыратып, атау дағдыларын жетілдіру; табиғаттағы, жыл мезгіліндегі маусымдық өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру. Табиғаттағы ауа райының жағдайын бақылауға және бақылаудың нәтижелерін табиғат күн тізбесінде белгілеуге үйрету; табиғат бұрышындағы тірі объектілерге күтім жасауға арналған құралдар туралы білімдерін қалыптастыру;</p> <p><b>Бала, оның отбасы, үйі:</b> балалардың отбасы мүшелері бейнеленген суреттерді қарастыру, отбасы мүшелерін, олардың әрекеттері мен өзара қарым-қатынастарын атау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Заттық әлем:</b> таныс емес заттарды қолдану туралы; ұлттық киімді дайындау, әшекейлер туралы</p> <p>Балабақша қызметкерлері мен олардың еңбек әрекеттері, адамның тұратын үйі, балабақша, мектеп, ересектердің еңбектері туралы білімдерін жетілдіру.</p> <p>Қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің өрекшеліктері туралы білімдерін бекіту.</p> <p><b>Жолда жүру ережелері:</b> Көлік түрлері, жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргінші өтетін жол және жерасты өту), бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру.</p>
<p><b>Сурет салу</b></p>	<p><b>Заттық сурет салу:</b> дөңгелек пішінді заттарды салу; техникалық дағдылар мен біліктерді игеру.</p> <p><b>Сюжеттік сурет салу:</b> қарапайым табиғат құбылыстарын, ертегі кейіпкерлерін бейнелеуге машиқтандыру.</p> <p><b>Сәндік сурет салу:</b> қазақ оюларының кейбір элементтерін салу; элементтердің пішінін, реттілігін, олардың арасындағы қашықтықты ескере отырып, жазықтықта оюларды орналастыру;</p>
<p><b>Мүсіндеу</b></p>	<p><b>Заттық мүсіндеу:</b> түрлі пішіндегі таныс заттарды және өзіне тән өрекшеліктерін ескере отырып, ұлгісі мен елестетуі бойынша көлемін сақтап мүсіндеу.</p> <p><b>Сюжеттік мүсіндеу:</b> Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын тәрбиелеу.</p> <p><b>Сәндік мүсіндеу:</b> Ұлттық ойыншықтар туралы білімдерін кеңейту, халық шығармашылығының желісі бойынша бейнелер жасау. Балаларды халық шеберлерінің еңбектерімен таныстыру, халық бүйімдарының желісі бойынша ыдыстарды мүсіндеуге үйрету;</p>
<p><b>Жапсыру</b></p>	<p><b>Заттық жапсыру:</b> қайшыны дұрыс ұстау және пайдалана білуді қалыптастыру, Түзу сыйықпен алдымен қысқа содан соң ұзын жолақтарды қиоды үйрету.</p> <p><b>Сюжеттік жапсыру:</b> барынша күрделі заттарды, жануарлар пішінін бейнелеу, заттарды кағаз бетінде орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру;</p>

	<p><b>Сәндік жапсыру:</b> Геометриялық пішіндерден ою-өрнектерді және жолақтағы өсімдік өрнектерін халықтық өнер түрлері бойынша бірізділігін ескере отырып құрастыру дағдыларын қалыптастыру.</p>
Музыка	<p>Музыка тыңдау.</p> <p>Келесі дағдыларды қалыптастыру:</p> <p>2) әуендерді немесе музыкалық шығармаларды орындау кезінде пьесаларды тану және атап.</p> <p>Өн айту.</p> <p>Келесі дағдыларды қалыптастыру:</p> <p>2) дауыс пен есту қабілетін дамытуға арналған жаттығуларды қысқа әндер айтап</p> <p>арқылы дағдыны жетілдіру, дауыстап және тәмен дауыспен ән салу, қол қозғалысымен көрсету.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</p> <p>Келесі дағдыларды қалыптастыру:</p> <p>2) марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатын женіл, ырғақты жүгірумен беру.</p> <p>Билер.</p> <p>Әуеннің көңілді би сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату,</p> <p>содан кейін қимылды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарын, билерді, ойындарды есте сақтау.</p> <p>Ойындар, хороводтар.</p> <p>Әннің мәтініне сәйкес ойын қимылдарымен сүйемелдей отырып, әнді көңілді және</p> <p>емін-еркін әндеге, хор айтуды шеңбер бойымен жүргізу, музыкалық фразаларға сәйкес қимылдарды өзгерту; шапшаңдық пен икемділік таныту, пьесаның соңын белгілеу, халық ойындарының көңілді сипатын беру, дыбыстарды жоғарылығы бойынша ажырату, үлкен шеңберге және шашырап тұру.</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау.</p> <p>Келесі дағдыларды қалыптастыру:</p> <p>1) фортепиано сүйемелдеуіндегі балалар музыкалық аспаптарында ересектердің орындаудағы би әуенін тыңдау;</p>

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және  
мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**  
**2022 – 2023 оқу жылына арналған**  
**ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Караша айы 2022жыл**

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар:</b> Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыру. Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыру.</p> <p>Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. Аяқтың ұшын созу, өкшені айналдыру. Аяқтың бақайларымен жіпті жинау, құм салынған қапшықтарды өкшелермен қысып алып, бір орыннан екінші орынға қою.</p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b> адымдап жұру адымдап жүгіру жүргіру етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу; бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру; заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 метрден кем емес), тақтайдың бойымен тепе-тендікті сақтап бойымен жұру бір-бірінің жанына сапқа және шенберге тұру.</p> <p><b>Ырғактық жаттығулар.</b> Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау</p> <p><b>Спорттық жаттығулар:</b> Велосипед тебу: екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу. Спорт залда</p> <p><b>Қимылды ойындар.</b> Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту.</p> <p><b>Салауатты өмір салтын қалыптастыру.</b> «Денсаулық - зор байлық» сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған іс-әрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, сұық тимеудің алдын-алуға болатынын түсіну.</p> <p><b>Дербес қимыл белсенділігі:</b> Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру</p> <p><b>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.</b> Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды</p>

	<p>әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууга, тісін тазалауға үрету. Тарапты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.</p> <p>Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.</p> <p><b>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.</b></p> <p>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құргату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сұрту.</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары:</b></p> <p>Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүру. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.</p>
Сөйлеуді дамыту	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b></p> <p>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру.</p> <p><b>Сөздік қор.</b></p> <p>Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну, заттардың атауларын, олардың бөліктепі мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды, материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдануды дамыту.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b></p> <p>зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдысын дамыту</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b></p> <p>Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.</p>
Көркем әдебиет	<p>Әдеби шығармаларды мұқият тыңдауды, кейіпкерлерге жанашырлық танытуды, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айтуда, кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруді, ересектермен бірге өртегі мен әңгіменің басын, сонын ойдан құрастыруға баулу.</p>
Қазақ тілі	<p><b>Тілдік дамытуши орта</b></p> <p>Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге баулу.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті</b></p> <p>Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алушы, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту.</p> <p><b>Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуда баулу.</b></p> <p><b>Сөздік қор</b></p> <p>Тұыстық қарым-қатынасты («сіңлі», «женгे», «жезде», «нағашы», «жиен», «бөле») білдіретін сөздерді үрету. Өзінің отбасы, отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтуда баулу.</p>

	<p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b>          Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолданабілуге үйрету</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу</b>          ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауга, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуга баулу.</p>
<b>Математика негіздері</b>	<p><b>Жиын:</b>          Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуді менгерту.</p> <p><b>Сан, санау:</b>          Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету.</p> <p><b>Шама:</b>          Биіктігі бойынша екі затты салыстыру</p> <p><b>Геометриялық пішіндер:</b>          Геометриялық фигуralарды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу</p> <p><b>Кеңістікте бағдарлау:</b>          Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтауды, берілген бағытта қозғалу(алғартқа, онға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан онға қарай орналастыруды, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді дамыту (менін алдында үстел, сол жағымда орындық түр).</p> <p><b>Ұақытты бағдарлау:</b>          Тәулік бөліктері (танертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.</p>
<b>Сурет салу</b>	<p>Қоршаған органдың әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту.</p> <p>Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін: «құс қанаты», «бүршік» элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сактауга зейін бөлуйін дамыту .</p>
<b>Мұсіндеу</b>	<p>Мұсінделген заттың, фигуralардың бетін тегістеуге үйрету.</p> <p>Бірнеше бөліктерден заттарды мұсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сактау, бөліктерді біріктіру дағдыларын пысықтау</p> <p>Мұсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сактауын жетілдіру.</p>
<b>Жапсыру</b>	<p>Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағазбетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеуді менгерту.</p> <p>Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен таныстыру.</p>
<b>Құрастыру</b>	<p><b>Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру:</b>          Құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) және атаяу, оларды сапасы, көлемі мен пішіні</p>

	<p>бойынша            таңдау, өз            бетінше            ойдан құрастыруға мүмкіндік беру</p> <p><b>Қағаздан құрастыру:</b> Қағаздан құрастыруға үрету: қағаздың парагын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, ілмекке айналдыра білуін дамыту</p> <p><b>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру:</b> Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.</p>
<b>Музыка</b>	<p>- балаларға тыңдауға, айтуға жастарына сәйкес, тәрбиелік мәні бар әндерді ұсыну.</p> <p>Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту.</p> <p><b>Музыка тыңдау.</b> Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Музыканың сипатын сезінуге үрету.</p> <p><b>Ән айту.</b> Балаларды мәнерлеп ән айтуға үрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде).</p> <p><b>Музыкалық-ырғакты қимылдар.</b> Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғакты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғакты жүгіру.</p> <p><b>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.</b> Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. Сылдырмақтармен әуендерді ойнау.</p> <p><b>Билер.</b> Әуенниң көңілді сипатын қабылдауға үрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау. Жеңіл, ырғакпен қозғалу.</p>
<b>Коршаган ортамен таныстыру</b>	<p><b>Бала, оның отбасы, үйі:</b> Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру, келісім білдіру, жеке басын құрметтеуді үрету.</p> <p><b>Заттық әлем:</b> Коршаган орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту.</p> <p><b>Байланыс және қозғалыс құралдары:</b> Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атай білу дағыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Еңбекке баулу</b> Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: болме өсімдіктеріне күтім жасау, оларды суару, жапырақтарды жинау, қыстайтын құстарды қоректендіру.</p> <p><b>Адамгершілік және патриоттық тәрбие.</b> Қарапайымдылыққа, мейірімділікке және әділдікке, ересектерге құрмет көрсетуге, кішілерге көмектесуге тәрбиелеу.</p> <p><b>Менің Отаным – Қазақстан.</b> Отанды сүюге, патриотизмге тәрбиелеу.</p> <p><b>Жолда жүру ережелері.</b> Көлік түрлері, жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргіншілер өтетін жол және жерасты жолдары, велосипедке арналған жол),</p>

бағдаршам белгілері, жолда журу ережелері туралы білімдерін қалыптастыру.

**Өлі табиғат құбылыстары мен заттары.**

Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру.

**Өсімдіктер әлемі.**

Өсімдіктер, оларға күтім жасау (жерді қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сұрту) туралы түсінікті дамыту.

**Жануарлар әлемі.**

Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, коректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын көнектізу.

**Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын менгеруіне ықпал ету.**

Мінез-құлық мәдениеті мен сырпайы қарым-қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру; амандасу, қоштасудың қажеттігі туралы еске салу, ересектердің әңгімесіне араласпау, өз өтінішін сырпайы түрде білдіру, көрсеткенқызметі үшін алғыс айтуду.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және  
мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**  
**2022 – 2023 оқу жылына арналған**  
**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**  
**Желтоқсан айы 2022жыл**

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар:</b> Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу. Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау. Отырганқалыпта екі аяқты жогары көтеру, бұту және жазу, төмен түсіру. Екі аяқты айқастырып, отыру және тұру. Аяқтың ұшын созу, өкшені айналдыру. Аяқтың бақайларымен жіпті жинау, құм салынған қашықтарды өкшелермен қысып алып, бір орыннан екінші орынға қою. Өкшемен таяқтың, арқаның үстінен бір қырымен жұру. Түрегеліп тұрып, аяқтың бақайларымен орамалдарды, тағы басқаңсақ заттарды іліп алып, басқа орынға ауыстыру.</p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b> жан-жаққа қосалқы қадаммен (онға және солға) жұру сапта бір-бірден, шеңбер бойымен жүргіру табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу, аяқты бірге, алшақ қойып, бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіру, оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанага (2–2,5 метр қашықтықтан) лақтыру гимнастикалық скамейканың бойымен тепе-тендікті сақтап жұру екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру</p> <p><b>Үргақтық жаттығулар.</b> Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау</p> <p><b>Спорттық жаттығулар:</b> Шанамен сырғанау: тәбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанамен тәбешікке көтерілу, тәбешіктен тұскенде тежеу. Мұз жолмен өз бетінше сырғанау.</p> <p><b>Қимылды ойындар.</b> Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, құш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту.</p> <p><b>Салауатты өмір салтын қалыптастыру.</b> «Денсаулық - зор байлық» сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған іс-әрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, сұық тимеудің алдын-алуға болатынын түсіну. Салауатты өмір салты туралы ұғымдарды кеңейту.</p> <p><b>Дербес қимыл белсенділігі:</b></p>

